

2019 жылғы "22" мамыр

пресс релиз

Сбербанк Қазақстан "Еңбек" мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша көшбасшы орынды сақтап келеді

Сбербанк Қазақстан "Еңбек" Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша көшбасшылықты сақтап келеді. Банк бағдарлама басталғаннан бері (2017 ж. тамыз) жалпы сомасы 7,2 млрд теңгеге 557 кәсіпкерді қаржыландырды.

Сбербанк бұл мемлекеттік бағдарламаға оны іске асыру басталған сәттен бастап белсенді қатысуда. 2019 жылы "Даму" Қоры Сбербанкке 2,78 млрд. теңге қаражат бөлді, ол бойынша бүгінгі таңда белсенді түрде игеру жүргізілуде.

"Start up жобаларды қолдауды көздейтін "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы" - бұл жаңадан бастап жүрген кәсіпкерге өзінің бизнесін ұйымдастырумен қатар жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін, мемлекеттік қолдаудың тартымды және әлеуметтік маңызды бағыты, - деп айтады "Сбербанк" АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов - Аталған бағдарлама талаптарының нәтижесінде кәсіпкерлер қаржыландыруға жеңілдетілген қолжетімділікке ие болады, аймақтар масштабында халықты жұмыспен қамту ынталандырылуда, бұл, жалпы алғанда, мемлекет экономикасының дамуына қолайлы әсер етеді".

Сбербанк 2019 жылдың басынан бері "Еңбек" бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 1,3 млрд теңгеге барлығы 109 отандық кәсіпкерді қаржыландырды. Осы кезеңде жобалар бойынша қамтамасыз ету ретінде 340 млн. теңгеге жуық кепілдіктер алынды.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 13 жыл табысты жұмыс істеп келеді, 01.01.2019 ж. мәліметтерге сәйкес активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 2-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 91 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Гульмира Мухсинова
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 502 466)
e-mail: Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Фархад Таев
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 600 158)
e-mail: Farhad.Taev@sberbank.kz